# Бас жүлде иегері – Айбек ҚАЛИЕВ

**Ақтаңгер ақынымыз Айбек КИІКБАЙҰЛЫ көршілес Аманкелді ауданының құрылғанына – 90 жыл толуына орай өткен Республикалық айтыста бас жүлде иеленді.**



Аманкелдіде өткен дүбірлі тойда ат жарыс, қазақ күресі мен қатар төл өнеріміз айтыстан да Республикалық жарыс өткені мәлім. Батыр атындағы аудан тойындағы жыр додасына облысымыздан таңдаулы 6 ақын қатысты. Одан бөлек Республикамыздың әр өңірінен елге танымал тағы төрт ақын «ат қосқан» болатын. Олар: Қарағандыдан Айтбай ЖҰМАҒҰЛОВ, Түркістан облысынан Қажымұқан АБЗАЛОВ, Қызылорда облысынан Нұрмат МАНСҰРОВ және Солтүстік Қазақстан облысынан Жарқын ЖҰПАРХАН. Өңір тарихын, аудан жетістігін, ел мәселесін өлеңге қосқан кіл жүйріктер көрермендердің ықыласына бөленді. Айбек КИІКБАЙҰЛЫНЫҢ өзі айтыс жоғары дәрежеде өткенін айтады.

– Бірінші айналымда өзіміздің Қостанай облысының ақыны Салтанат ӨТЕЛБАЕВАМЕН айтыстым. Екінші айналымда қарағандылық Айтбай ЖҰМАҒҰЛОВ пен сөз қағыстырдым. Айтыс өте жоғары деңгейде өтті. Халық залға сыймады. Алланың қалауы, халықтың ықыласымен атымыз бәйгеден келді,- деп ой бөлісті ақынымыз.

Айтыс қорытындысында 3-орынды қарағандылық Айтбай ЖҰМАҒҰЛОВ иеленсе, Қостанайдан келген Салтанат ӨТЕЛБАЕВА жүлделі 2 орынды жеңіп алды. Бірінші орынды иеленген шымкенттік Қажымұқан АБЗАЛОВҚА 500 000 теңгенің сертификаты тапсырылды.

Жыр тұлпары жерлесімізге, ақынын ардақтаған елі темір тұлпар мінгізіп, қошемет көрсетті. Айтыстың бас жүлдесіне «Лада Гранта» маркалы автокөлік тігілген болатын. Оған кәсіпкер Мұбарак ШАЯХМЕТОВ демеуші болды.

Біз де өз кезегімізде халқының мұңын айтып, бар қазақтың сүйіктісіне айналған ақтаңгер ақынымызға абыройың әрқашан арта берсін дейміз!

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ